

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Нарыққа екі басқарушы компания шықты

Ағымдағы сәтте Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі инвестициялық портфельді басқарушыларға қатысты бекіткен талаптарға нарықта жұмыс істейтін және басқарушы компаниялар агенттігінің лицензияларына ие 18 компанияның алтауы сәйкес келеді:

- «First Heartland Jysan Invest»;
- «BCC Invest» АҚ – «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның еншілес ұйымы»;
- «Halyk Global Markets» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЕҰ);
- «Halyk Finance» Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ» АҚ;
- «First Heartland Capital» АҚ;
- «Сентрас Секьюритиз» АҚ.

Алайда зейнетақы жинақтарын сенімгерлікпен басқаруға беру үшін бұл компанияларға зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқару туралы шарттың, сондай-ақ, БЖЗК, ИПБ және кастодиан-банк арасында жасалған кастодиандық шарттың болуы қажет.

2021 жылдың 18 ақпанында «БЖЗК» АҚ мен «First Heartland Jysan Invest» АҚ арасында, сондай-ақ, «БЖЗК» АҚ мен «Halyk Global Markets» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЕҰ) арасында зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқару туралы шарттар жасалды.

«First Heartland Jysan Invest» АҚ-ның кастодиан-банкі «Сбербанк» АҚ ЕҰ, «Halyk Global Markets» АҚ-ның («Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЕҰ) кастодиан-банкі «Банк ЦентрКредит» АҚ болды.

Зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға беру үшін салымшы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына ИПБ-ны таңдау туралы өтінішпен жүгінуі қажет. Өтініш БЖЗК-ның enpf.kz сайтындағы **жеке кабинет** арқылы немесе БЖЗК-ның кез келген өңірлік бөлімшесіне өзі келген кезде берілуі мүмкін.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).